

БЕКІТЕМІН

Қарағанды облысы  
білім басқармасының  
Балқаш қаласы білім бөлімінің  
«Әлихан Бөкейханов атындағы  
№15 мектеп-лицейі» КММ  
директоры А.Т.Токейбекова

**Қарағанды облысы білім басқармасының  
Балқаш қаласы білім бөлімінің  
«Әлихан Бөкейханов атындағы №15 мектеп-лицейі» КММ  
ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕСІ**

(28 тамыз 2024 жылғы педагогикалық кеңесінің  
№1 хаттамасының шешімімен бекітілген.)

**1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1. Ішкі тәртіп ережесі мектеп-лицейде ыңғайлы еңбек жағдайын, әрбір оқушының табысты білім алуын, жеке тұлғаны және оның құқықтарын құрметтеу тәрбиесін, мәдениетті мінез-құлықты дамытып, қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру мақсатында қабылданады.

1.2. Ішкі тәртіп ережесі мектеп-лицейде оқу-тәрбие үрдісін нақты ұйымдастыруға, мектеп-лицей әкімшілігі, педагогикалық ұжым және ата-аналар (занды өкілдер) арасындағы өзара қарым-қатынасты реттеуге қажет.

1.3. Ішкі тәртіп ережесі Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагогикалық әдеп», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Зандарының және мектеп-лицей Жарғысы негізінде жазылған.

1.4. Ішкі тәртіп ережесіне мектеп-лицейдің жұмыс кестесіндегі өзгерістерге және басқа да объективті жағдайларға байланысты өзгерістер енгізілуі мүмкін.

1.5. Ішкі тәртіп ережесін мектеп-лицейдің барлық оқушысы мен ата-анасы (занды өкілі) орындауы тиіс. Осы ережені орындамаған жағдайда Мектеп Жарғысы мен Ішкі тәртіп ережесіне сәйкес тәртіптік шара қолданылады.

1.6. Мектеп-лицейде санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды қатаң сақтау міндетті.

**1. Мектеп-лицей қызметкерлерінің негізгі міндеттері:**

1.1. Мектеп-лицей Жарлығында жазылған міндеттерді, лауазымдық нұсқауларды қатаң сақтау.

1.2. Мектеп-лицей әкімшілігінің бұйрығын уақытында орындау, берілген жұмыс уақытын сақтау, еңбек тәртібін сақтап, жұмысқа уақытында келу.

1.3. Міндетті түрде іскер киім үлгісін сақтау;

1.4. Еңбектің жоғары нәтижесіне жету үшін жұмыс сапасын жоғарлатуға талпыну, орындау тәртібін сақтау, үнемі шығармашылық талапта болу.

1.5. Әртүрлі іс – шараларды өткізуде немесе дайындауда өте ұқыпты болу, өрт

жинау және желдету үшін ұзақтығы кемінде 40 минуттан. Сенбі күні 7-11 сыныптардың оқу жоспарына сәйкес вариатив бөлімінің сағаттары (5 күндікке сыймаған) жүргізіледі. Сенбі күні вариатив сағаттарын жүргізетін мұғалімдер үшін жұмыс аптасы 6 күндік болып белгіленеді.

### **Каникулдар:**

2024 – 2025 оқу жылына каникул кезеңдері:

1-11 (12) – сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

1-тоқсан -8 оқу аптасы, күзгі демалыс- күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 28 қазаннан бастап 3 қарашаны қоса алғанда);

2- тоқсан -8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2024 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда);

3-тоқсан- 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс күнтізбелік – 11 күн (2025 жылғы 21 – 31 наурызды қоса алғанда);

1-сыныптарда және мектепалды даярлық үшін қосымша демалыс-күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 10-16 ақпанды қоса алғанда)

4- тоқсан -8 оқу аптасы

Мұғалімдер мектепке сабақтың басталуына 20 минут қалғанда келу керек. Бұл уақыт кабинетті санитардық - гигиеналық нормаға сәйкес дайындауға арналған.

2.2. Мұғалімнің жұмыс істеу тәртібі мына жағдайларда ұзарады:•

-педкеңестерді өткізу;

-директордың қатысуымен өтетін жиналыс,

-кафедра отырысы, ғылыми-әдістемелік кеңес семинары;

2.3. Мұғалім сабақ кезінде сыныптан шығуға немесе басқа да бөтен қызметтермен айналысуға құқығы жоқ. Сабақ барысында мұғалім оқушылардың өміріне, денсаулықтарына және қауіпсіздіктеріне жауаптылық алады; Мұғалімдер сабаққа қоңырау соғылысымен кіріседі, қоңырау соғылғаннан кейін сабақты кешігіп бастауға рұқсат етілмейді, бұл мұғалімнің жұмыс орнында жоқтығын білдіреді.

2.4. Каникул уақыты жұмыс уақыты болып саналады. Каникул уақытында мұғалімнің жұмыс уақыты оқу жүктемесіне байланысты іске асады. Каникул уақытында себепсіз жұмысқа келмей қалуға рұқсат етілмейді.

2.5. Қызметкерлер ауырып қалу себебін, еңбекке жарамсыз парағының ашылуы туралы күні бұрын мектепке хабарлауы керек. Жұмысқа шығуы туралы мәліметті алдын – ала хабарлау керек. Жұмысқа шыққан алғашқы күні-ақ еңбекке жарамсыз парағы мектеп-лицей әкімшілігіне (жауапты тұлға) берілуі керек.

Кезекші әкімшілік қызметкері өз уақытында мұғалімдер мен оқушыларға сабақтың ауысуы туралы мәлімет беру керек.

2.6. Педагог қызметкерлерге және мектептің қосымша қызметкерлеріне тыйым салынады:

- Сабақ кестесін өзгертуге;

- Сабақтың өту уақытын қысқартуға, өзгертуге;

- Оқушыларды мұғалімсіз кабинетте жалғыз қалдыруға;

- Сабақтан оқушыларды себепсіз шығаруға;

- Әріптестерін кәсіби міндеттерінен аландатуға;

- Оқушыларға педагогикалық қағидатқа тән емес әрекет жасауға;

- Ұялы телефондарды сабақ үстінде пайдалануға;

- Ата-аналар және оқушылардан ақшалай қаржы жинауға;

2.7. Сынып жетекшісі сынып оқушыларының асханада тамақтануын және асханадағы тәртіпті сақтауын қадағалайды.

2.8 Мектеп-лицейшілік тәртіп бірыңғай болып табылады және педагогикалық қызметкерлер бұл тәртіпті орындауға міндетті.

2.9. Мектеп-лицейшілік тәртіпті бұзғаны үшін мектеп қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданылады:

- ескерту;
- сөгіс;
- жұмыстан босату;

2.10. Жұмыстағы жоғары көрсеткіштері, лауазымдық міндеттерін жауапкершілікпен орындағандары, шығармашылығы және талаптары үшін қызметкер марапатталады.

Ішкі еңбек тәртібінің Ережелерін орындалуын бақылау мектеп әкімшілігі және кәсіподақ ұйымына жүктеледі.

### **3. ОҚУ ТӘРТІБІ**

3.1. Мектепте сабақ 8:00-де басталады және кестеге сәйкес жүргізіледі. Оқушылар мектепке сабақ басталардан 15 минут бұрын келуі тиіс.

3.2. Мектеп ғимаратына бөгде адамдардың кіруіне қатаң тыйым салынады. Ата-аналар қажет жағдайда (жоспарланған іс-шараларға қатысу қажеттілігі туындағанда) белгіленген тәртіппен ғана кіре алады. Ата - аналар мұғалімдермен соңғы сабақ аяқталғаннан кейін немесе мұғалімнің сабақтан бос уақытында әңгімелесуге құқылы. Мектеп басшысымен, әкімшілік мүшелерімен белгіленген уақытта, келісім арқылы жолығуға болады.

**Мемлекеттік мекеме жүзеге асыратын жалпы білім беретін оқу бағдарламалары білім берудің келесі деңгейлерін қамтиды:**

Мемлекеттік мекемедегі білім беру үрдісі Қазақстан Республикасының білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттары негізінде жасалған оқу бағдарламалары мен жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

1) негізгі саты (5 – 9 сыныптар) – ғылым негіздерін меңгеруге және тұлғааралық, этноаралық қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға бағытталған, неғұрлым күрделі танымдық үрдістерге көшу үшін арнайы еп-дағдыларды қалыптастыратын, оқушыларға оқытудың дараланған бағдарламаларын таңдауға мүмкіндік беретін, тиісті білімдер саласында ерте бейіндеуді жүзеге асыратын базалық білім беру;

2) жоғары саты (10 – 11 сыныптар) – оқушыларды Мемлекеттік мекеме бағытталуына сәйкес келетін таңдау пәндер бойынша оқыту, бейіндік пәндер бойынша қосымша курстарды меңгерту, шығармашылық және ғылыми-зерттеушілік жұмыс дағдыларын қалыптастыру және дамыту.

3.3 Оқушы сабаққа немесе жалпы мектеп-лицейшілік іс - шараларға нақты себептермен келмей қалса, ата - аналар медициналық анықтама тапсыруы керек.

Нақты себептерге мыналар жатады:

- 1) жеке ауруы;
- 2) дәрігерге баруы (талон немесе анықтама ұсынылады);
- 3) міндетті түрде қатысуды талап ететін отбасындағы шұғыл жағдайлар (ата - аналар өтінішімен расталады);

3.4. Оқушы мектепте бекітілген үлгідегі мектеп формасын киеді. Мектеп

формасының үлгісі, түсі классикалық стильде, бірыңғай түс гаммасында жасалады, Мектеп формасының түсі қою көк түс таңдалады.

Мектеп формасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай енгізіледі, күнделікті, мерекелік және спорттық болып бөлінеді.

**Ұлдардың мектеп формасы:** пиджак, жилет, шалбар, ақ жейде түймелері бар, классикалық галстук сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган, (қысқы мезгілде: трикотаж жилет). Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұру керек. Ер балалар ыңғайлы туфли кию керек, (кроссовки киюге тыйым салынады)

**Қыздардың мектеп формасы:**

пиджак, жилет, юбка, (юбканың ұзындығы (тізеден жоғары емес, 1-4 сынып 35-38 см, 5-6 сынып 38-40 см, 7-8 сынып 38-45 см, 9-11 сынып 40-50 см) мектеп-лицейдің (қамқоршылық кеңестің, ата-аналар комитетінің, мектептегі өзін-өзі басқару ұйымының шешімімен айқындалды) классикалық жейде, не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган, (қысқы уақытта: шалбар, трикотаж жилет, сарафан, водолазка). Қыздарға арналған шалбарлар классикалық үлгіде тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұруы керек. Әр қыз бала ыңғайлы, өкшесі 5 см-ден аспайтын туфли кию керек, (кроссовки киюге тыйым салынады)

Шаш үлгісі ұл балалар үшін классикалық, қыз балалар үшін өрілген бантик тағылған болуы тиіс. Шаш бояуға тыйым салынады. Мектеп ережесіне сәйкес оқушы қыздарға косметика қолдануға, тырнақты өсіріп, бояуға тыйым салынады.

**Спорттық киім:**

1-4 сынып оқушылары дене шынықтыру сабағында сары футболка, қара трико, спорттық аяқ киім, 5-7 сынып оқушылары көк футболка, қара трико, спорттық аяқ киім, 8-11 сынып оқушылары ақ футболка, қара трико, спорттық аяқ киім киеді. (денсаулығына байланысты анықтамасы бар оқушы дене шынықтыру сабағында талапқа сай формамен қатысу керек. (денсаулығына байланысты ДККҚ анықтамасы бар оқушы сабақ барысында жеңіл дене жаттығуларын жасауы, физикалық жаттығулар арқылы денсаулықты нығайтуы, қозғалыс мәдениетін қалыптастыруы міндетті.)

Сабаққа ұқыпты киіммен қатысу, маусымға сәйкес екінші аяқ киім кию міндетті.

Діни наным-сенімге байланысты киім атрибуттарын киюге, пайдалануға тыйым салынады.

3.5. Егер оқушының денсаулығына немесе отбасылық жағдайларға байланысты сабақ аяқталмай тұрып үйіне кетуі тиіс болса, ол мектеп-лицей директорына ескертіліп, сынып жетекшісі ата – анамен хабарласып, ата-ана мектепке келіп оқушыны алып кетуі тиіс.

3.6. Оқушылар мектеп аймағында жүргенде тәртіпті, зиялылық нормаларын сақтауы тиіс, өз білім мекемесінің ережелері мен дәстүрлерін құрметтеуі, жеке басының және өз құрдастарының, оқытушыларының, мектеп-лицей қызметкерлерінің, сонымен қатар мектепке келушілердің ар - намыстарын жоғары бағалауы керек. Оқушылардың мектеп-лицей ғимаратына және оның аумағына қоқыс тастауына, әкімшілік өкілдері, оқытушылар мен мектеп-лицей қызметкерлері тарапынан жасалған ескертулер мен талаптарға немқұрайды қарауына, оқушыларға арналмаған қызметтік мекемелерге рұқсатсыз баруына тыйым салынады

7. Мектеп-лицейде темекі шегуге, насыбай атуға, энергетикалық сусындар ішуге таң тыйым салынады.

8. Жалпыға ортақ жүріс - тұрыс ережелеріне сәйкес әрбір сабақтың басында мұғалім келгенде, сондай-ақ оқу бөлмесіне өзге де үлкен кісілер кіргенде оқушылар орындарынан тұрып қарсы алулары керек. Сабақ аяқталып, қоңырау соғылса, тек қана мұғалім рұқсат еткен жағдайда ғана оқушылар оқу бөлмесінен шыға алады.

3.9. Сабақ уақытында оқушылар өз жолдастары мен мұғалімге кедергі жасамай, тек қана оқу қызметімен айналысуы керектігін мұғалім ескертуі тиіс.

3.10. Егер оқушыға сабақ кезінде біршама уақытқа дәрісханадан шығу қажет болса, ол мұны мұғалімнен рұқсат алып, көпшіліктің назарын өзіне аудармай, айналасындағылардың көңілін алаң еткізбей жасауы керек.

3.11. Сабақ басталғанға дейін бос уақыт болса, оқу үрдісі жүріп жатқан дәрісхананың жанында немесе мектеп қызметкері жұмыс жасайтын қызметтік және өндірістік ғимараттардың қасында шулауға болмайды.

3.12. Егер оқушы сабақтан кейін мектепте қалатынын анық білсе, ол жайында ата - анасын хабардар етуі керек. Егер сабақтар күнделікті уақыттан кеш аяқталады деп жоспарланса, оқушы немесе сынып жетекші ол жайында ата- аналарына ескертулері керек.

3.13. Оқушылар өз бетімен мектептің мүлкіне, жиһазына, құрал жабдықтарына материалдық шығын тигізбеулері үшін мұғалім тәрбие жұмыстарын жүргізу керек. Оқушы тарапынан жасалған шығын үшін материалдық жауапкершілік ата - аналарға жүктеледі.

3.14. Сынып оқушылары оқитын оқу бөлмелеріне тазалау жұмыстарын жүргізу ұйымдастырылады.

3.16. Мектеп-лицей оқушыларының мектеп-лицей ғимаратында, сабақ барысында ұялы телефонды пайдалануына тыйым салынады. Дыбыссыз қалыпта «оқушы - ата - ана», «ата - ана – оқушы» СМС хабарлама жіберуге ғана рұқсат етіледі. Телефон аппараты жоғалған жағдайда мектеп-лицей ұжымы жауапкершілікті өз мойнына алмайды.